

У.А. Тунгатова^{1*}, Д.С. Утебаева¹,А.Т. Кулсариева²¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан²Урбана-Шампейндегі Иллинойс университеті, Иллинойс, АҚШ

*e-mail: tua20@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ: ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ҒЫЛЫМИ КӨЗҚАРАСТАРҒА ШОЛУ

Мақалада қазақстандық ғалымдардың толеранттылық тақырыбына қатысты жүргізілген зерттеулеріне шолу жасалды. Қазақстандағы толеранттылықты зерттеудің білім беру, құқықтық, мәдени, саяси, діни салалардағы ерекшеліктері және түрлі әдіснамалық тәсілдері талданды. Қазақстан Республикасының Білім және жоғары ғылым министрілігінің Ғылым Комитетінің ұсынған тізімдеріндегі гуманитарлық саланың журналдарындағы мақалаларға сапалы талдау жасау арқылы ғылыми нәтижелер алынды. Осы зерттеу әдісіне сүйене отырып, біз келесі сұрақтарға жауап беруге тырыстық: қазақстандық ғалымдар толеранттылық ұғымына қандай анықтама береді? Қазақстандық ғалымдар толеранттылықты зерттеуде қандай әдістерге сүйенеді? Қазақстанда толеранттылықты қалыптастырудағы білімнің рөлі қандай? Мақалаларда толеранттылықты насихаттауға бағытталған қандай мемлекеттік бағдарламалар пен құқықтық құжаттар талқыланады және олардың тиімділігі қандай? Жарияланымдарды талдау кейбір терминологиялық жіктеу жүргізуге және қазақстандық ғалымдарға келешекте зерттеу міндеттерін тұжырымдауға септесетін негізгі басым бағыттарды анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен бірге, аталған жарияланымдарды талдау қазақстандық ғылымның осы бағыттағы зерттелмеген мәселелерін айқындады.

Түйін сөздер: толеранттылық, құндылық, жаһандану, мемлекет, мәдениет, ұлттық бірегейлік.

U.A. Tungatova^{1*}, D.S. Utebayeva¹, A.T. Kulsariev²¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan²University of Illinois at Urbana-Champaign, Illinois, USA

*e-mail: tua20@mail.ru

Tolerance in Kazakhstan: a review of modern studies and scientific approaches

The article reviews the research conducted by Kazakhstani scientists on the topic of tolerance. The features of tolerance research in Kazakhstan in the educational, legal, cultural, political, religious spheres and various methodological approaches are analyzed. Scientific results were obtained by conducting a qualitative analysis of articles in humanitarian journals from the lists recommended by the Science Committee of the Ministry of Education and Higher Science of the Republic of Kazakhstan. Based on this research method, we tried to answer the following questions: what definition do Kazakhstani scientists give to the concept of tolerance? What methods do Kazakhstani scientists rely on in studying tolerance? What is the role of education in the formation of tolerance in Kazakhstan? What state programs and legal documents are discussed in the articles aimed at promoting tolerance and what is their effectiveness? The analysis of publications allowed us to conduct some terminological classifications and identify the main priority areas that allow Kazakhstani scientists to formulate research tasks in the future. At the same time, the analysis of these publications allowed us to identify gaps in Kazakhstani science in this area.

Key words: tolerance, values, globalization, state, culture, national identity.

У.А. Тунгатова^{1*}, Д.С. Утебаева¹, А.Т. Кулсариева²

У.А. Тунгатова^{1*}, Д.С. Утебаева¹, А.Т. Кулсариева²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Университет Иллинойса в Урбана-Шампейне, Иллинойс, США

*e-mail: tua20@mail.ru

Толерантность в Казахстане: обзор современных исследований и научных подходов

В статье дается литературный обзор исследованиям казахстанских ученых по теме толерантности. Анализируются особенности изучения толерантности в Казахстане в образовательной, правовой, культурной, политической, религиозной сферах и различные методологические подходы. Научные результаты получены путем качественного анализа статей в гуманитарных журналах из списка, рекомендованных Комитетом науки Министерства высшего образования и науки Республики Казахстан. Основываясь на данном методе исследования, мы попытались ответить на следующие вопросы: Как казахстанские ученые определяют понятие толерантности? Какие методы используют казахстанские ученые для изучения толерантности? Какова роль образования в формировании толерантности в Казахстане? Какие государственные программы и правовые документы, направленные на поощрение толерантности, обсуждаются в статьях и какова их эффективность? Анализ публикаций позволил провести некоторые терминологические классификации и выделить основные приоритетные направления, которые позволят казахстанским ученым сформулировать будущие исследовательские задачи. Вместе с тем анализ данных публикаций позволил выявить неисследованные аспекты в казахстанской науке в этой области.

Ключевые слова: толерантность, ценность, глобализация, государство, культура, национальная идентичность.

Кіріспе

Толеранттылық Қазақстандағы қоғамдық-саяси тұрақтылықтың маңызды аспектісі. Қоғамның көпұлтты және көпконфессиялы болуы дінаралық диалог пен келісімді сақтаудың тиімді тетіктерін қажет етеді. Бұл жүйелі шолу Қазақстандағы толеранттылықты талдауға, оның дамуына әсер ететін негізгі факторларды анықтауға және осы саладағы мемлекеттік саясатты бағалауға бағытталған. Толеранттылық көп мәдениетті қоғамдардағы түрлі діни және этникалық топтардың бейбіт қатар өмір сүруіне, сондай-ақ өзара келісімге ықпал ететін негізгі ұстаным. Толеранттылық принциптері адамның құқықтарын сақтауға және құрметтеуге, адамдар арасындағы өзара сыйластық пен диалогқа негізделген қарым-қатынасты құруға бағытталған. Толеранттылық ұғымының пайда болу тарихына келер болсақ, бұл термин латын тіліндегі «tolerare» сөзінен шыққан, мағынасы – «шыдау» немесе «төзу». Толеранттылық екі кезеңнен тұратын үдерісті білдіреді: бастапқыда адам белгілі бір топқа, әрекетке немесе сенімге теріс баға береді, бірақ соған қарамастан, оған араласпауға немесе оны басып-жаншымауға саналы түрде шешім қабылдайды (Encyclopaedia Britannica, n.d.) Толеранттылық – күрделі және көпқырлы ұғым, оны түрлі салалардағы ғалымдар терең зерттеуді қажет ететін маңызды категория ретінде қарастырады.

Алғаш рет толеранттылық ұғымының заңдық рәсімделуі 1995 жылы 16 қарашада Парижде ЮНЕСКО-ға мүше 185 мемлекет қабылдаған «Толеранттылық принциптерінің декларациясында» келтірілген. Бұл декларацияда толеранттылықтың мәні, оның адам құқықтарын сақтау және өзара сыйластық пен диалогқа негізделген қарым-қатынас құрудағы рөлі туралы кеңінен баяндалады.

Декларацияда толеранттылық «әлемдегі мәдениеттердің бай көптүрлілігін құрметтеу, қабылдау және дұрыс түсіну» ретінде анықталады. Ол білім, ашықтық, қарым-қатынас және ой, ар-ождан және сенім бостандығы арқылы нығаяды. Толеранттылық тек моральдық міндет қана емес, сонымен қатар саяси және құқықтық қажеттілік ретінде қарастырылады, өйткені ол бейбітшілікке қол жеткізуге және соғыс мәдениетін бейбітшілік мәдениетімен ауыстыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, декларацияда толеранттылық «жол беру, жоғарыдан қарау немесе жасандылық емес», керісінше, «әмбебап құқықтар мен адамның негізгі еркіндіктерін мойындау негізінде қалыптасатын белсенді қарым-қатынас» екені атап өтіледі. Толеранттылық ешқандай жағдайда осы құндылықтарға қол сұғушылыққа жол бермейді және оны жеке адамдар, топтар және мемлекеттер танытуы тиіс.

Декларация толеранттылықты адам құқықтарын бекітуге, плюрализмге, демократияға және құқықтық тәртіпке қызмет ететін міндет-

теме ретінде сипаттайды. Ол догматизмнен және ақиқатты абсолюттендіруден бас тартуды, сондай-ақ адам құқықтары саласындағы халықаралық актілерде бекітілген нормаларды сақтауды білдіреді (United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization, 1995). Сондай-ақ декларацияда толеранттылық әлеуметтік әділетсіздікке төзімді болу немесе өз сенімінен бас тарту дегенді білдірмейтіні, керісінше, адам құқықтарын құрметтеуге үндес келетіні баса айтылады. Бұл құжат толеранттылықтың жаһандық маңыздылығын көрсетеді және қоғамдағы бейбітшілік пен келісімді нығайтуға бағытталған.

Толеранттылық туралы ойлар тарихтан бері түрлі ойшылдар мен ғалымдардың еңбектерінде кездеседі. Мысалы, Джон Локк «Төзімділік туралы хаттар» атты еңбегінде (1988) төзімділік мәселелерін қарастырған алғашқы философтардың бірі. Оның еңбектері діни және саяси толеранттылықтың негіздерін түсінуге ықпал етті. Вольтер өзінің «Төзімділік трактаты» атты еңбегінде (2020) толеранттылықты адам құқықтарының маңызды элементі ретінде қарастырып, оның ішінде діни төзімділікке назар аударды. Одан өзге Карл Поппердің шығармаларында (1992) интеллектуалдық және саяси толеранттылыққа ерекше назар аударылып, төзімділіктің шектері туралы идеялар талқыланады. Толеранттылықтың «парадоксы» туралы сөз қозғаған зерттеушілердің (Byrne, 2011) айтуынша, толеранттылық – қарама-қарсы құндылықтарды теңестіру әрекеті. Толеранттылық – өз сеніміңе берік бола отырып, өзгелердің сеніміне қолдау көрсету және олардың пікіріне құлақ асу.

Қазақстанда толеранттылық мәселесінің маңыздылығы бірқатар себептермен байланысты. Алғашқы себеп, еліміздің тарихи-мәдени факторлар әсерінен көп этностық және көп конфессиялық қоғам болып қалыптасуында жатыр. Кеңес дәуіріндегі демографиялық және миграциялық үдерістер халықтың этностық құрамына айтарлықтай әсер етті, ал тәуелсіздік жылдарында Қазақстан ұлттық бірегейлік пен ортақ азаматтық сана қалыптастыру жолында этносаралық және конфессияаралық келісімге негізделген саясат жүргізді. Екіншіден, қазіргі кезеңде жаһандық және өңірлік сипаттағы қауіп-қатерлер – діни радикализмнің таралуы, әлеуметтік желілер арқылы этносаралық және діни сипаттағы қақтығыстық ақпараттың таралуы, сыртқы саяси және экономикалық тұрақсыздық жағдайында қоғамдағы төзімділік дең-

гейін сақтауды күн тәртібіне қойды. Бұл мәселе Қазақстандағы толеранттылықты зерттеу тек ішкі әлеуметтік тұрақтылыққа ғана емес, сонымен қатар елдің халықаралық аренадағы беделі мен имиджін қалыптастыруға да ықпал ететінін көрсетеді.

Мақаланың мақсаты қазақстандық ғалымдардың толеранттылыққа қатысты ғылыми жарияланымдарына шолу жасау. Талдауға Қазақстан Республикасының Білім және жоғары ғылым министрілігінің Ғылым Комитетінің ұсынған ғылыми журналдар тізіміне кіретін философия, мәдениеттану, дінтану бағыттары бойынша журналдарда 2015-2024 жылдар аралығында жарияланған мақалалар таңдап алынды. Бұл мақалаларда толеранттылық ұғымына жан-жақты сипаттамалар беріліп, саяси, мәдени, әлеуметтік, құқықтық және діни тұрғыдан талданған. Жарияланымдарға шолу зерттеу сұрақтарына сай жасалды. Зерттеу сұрақтары: 1) қазақстандық ғалымдар толеранттылық ұғымына қандай анықтама береді? 2) қазақстандық ғалымдар толеранттылықты зерттеуде қандай әдістерге сүйенеді? 3) Қазақстанда толеранттылықты қалыптастырудағы білімнің рөлі қандай? 4) мақалаларда толеранттылықты насихаттауға бағытталған қандай мемлекеттік бағдарламалар пен құқықтық құжаттар талқыланады және олар қаншалықты тиімді?

Толеранттылықты зерттеу әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар аясында кеңінен зерттеліп келеді. Әсіресе бұл осы шолу барысында қарастырылып отырған философия, саясаттану, мәдениеттану және дінтану салаларында аса өзекті. Толеранттылықты қалыптастырудың саяси, мәдени, әлеуметтік және діни қырларын сипаттап, оның қоғамдық қатынастың маңызды элементі ретінде бағалайтын ғылыми мақалаларды талдау болашақ зерттеулерге жол ашады деген ойдамыз. Зерттеу тек гуманитарлық бағыттағы мақалаларды ғана қамтығандықтан, толеранттылық ұғымы қарастырылатын басқа салаларды қарастырмайды.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде ғылыми жарияланымдарға жүйелі талдау жүргізу әдісі таңдалды. Зерттеу барысында 2015-2024 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Білім және жоғары ғылым министрілігінің Ғылым және жоғары білім саласын сапаны қамтамасыз ету комитеті (ҒЖБССҚК) ұсынған тізімдегі гу-

манитарлық бағыттағы журналдарда жарияланған мақалаларға контент талдау жасалды.

Атап айтқанда, «ҚазҰУ Хабаршысы: Дінтану сериясы», «ҚазҰУ Хабаршысы: Философия, саясаттану және мәдениеттану сериясы», «Адам әлемі», «Әл-Фараби» журналдарында жарық көрген ғылыми мақалалар қамтылды.

Зерттеу әдістері ретінде:

- тақырыпты кодтау әдісі арқылы талданып отырған мақалалардың негізгі тақырыптары мен түжырымдамалары анықталды;

- салыстырмалы талдау әдісі арқылы толеранттылық мәселесіне қатысты әртүрлі көзқарастар мен тәсілдер талданды;

- контент-талдау әдісімен таңдалған ғылыми жарияланымдардың мазмұнын талдау арқылы діни толеранттылық тақырыбында қандай мәселелер көтерілгені және қандай бағыттар басым екені айқындалды. Зерттеу барысын-

да келесі іріктеу критерийлері қолданылды: 2015-2024 жылдар аралығында жарияланған мақалалар, тек қазақстандық зерттеушілердің мақалалары, толеранттылық ұғымы мақаланың тақырыбында немесе түйін сөздерінде көрсетілуі шарт, толеранттылыққа қатысты бір-екі сөйлем ғана айтылған мақалалар талдауға енгізілген жоқ. Мақалалар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған. Жинақтау процесінде «Адам әлемі», «ҚазҰУ Хабаршысы» журналдарының сайттарындағы автоматтандырылған іздеу жүйелері қолданылды, ал «Әл-Фараби» журналында қолмен іздеу әдісі пайдаланылды. Жалпы 27 мақала, оның ішінде ҚазҰУ Хабаршысы, Дінтану сериясында – 9, Адам әлемі журналында – 8, ҚазҰУ Хабаршысы, Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясында – 5, Әл-Фараби журналында – 5 мақала жарияланған (1-сурет).



1-сурет –Талданған мақалалар саны

Журналдарды жылдар бойынша қарастырсақ, 2015-2017 жылдары мақала саны өте аз болып, бар болғаны 4 мақала ғана жарық көрген. Алайда, 2018 жылдан бастап бұл тақырыпқа деген қызығушылықтың біртіндеп арта бастағаны

байқалады. Әсіресе, 2023 жыл ең белсенді кезең болып саналады, бұл жылы 7 мақала жарияланған. Ал 2024 жылы 4 мақала жарияланған, бұл тақырыптың өзектілігін әлі де сақтап отырғанын айғақтайды (1-кесте).

1-кесте – Мақалаларды жыл бойынша бөлу

№	Журнал атауы	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024	Жалпы саны
1	ҚазҰУ Хабаршысы, Дінтану сериясы	3	1						1	4		9
2	Адам әлемі						1	2	1	2	2	8
3	ҚазҰУ Хабаршысы, Философия, саясаттану және мәдениеттану сериясы				4	1						5
4	Әл-Фараби							2		1	2	5
Барлығы												27

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Толеранттылық – қазіргі Қазақстан қоғамы үшін аса өзекті мәселелердің бірі. Әртүрлі этнос өкілдері мен діни конфессиялардың бейбіт қатар өмір сүруі, олардың өзара түсіністігін қалыптастыру және нығайту – елдегі тұрақтылықтың маңызды кепілі. Осы тұрғыдан алғанда, толеранттылықты дамытуға бағытталған ғылыми зерттеулердің мазмұнын зерделеу және олардың негізгі бағыттарын анықтау керектігі арта түседі. Сонымен қатар, Қазақстанда толеранттылық мәселесі мемлекеттік бағдарламалар мен білім беру жүйесінде жиі көтерілетін тақырыптардың бірі болғанымен, осы саладағы ғылыми зерттеулердің динамикасын, мазмұнын, тақырыптық басымдықтарын талдау қажеттігі туындап отыр. Сондықтан да, қазақстандық гуманитарлық журналдарда жарияланған ғылыми мақалаларға контент талдау жасау арқылы толеранттылықтың ғылыми дискурста қалай көрініс тапқанын анықтау зерттеудің маңызды бағыты ретінде таңдалды.

Мақаланың мақсаты қазақстандық ғалымдарының Қазақстан Республикасының Білім және жоғары ғылым министрілігінің Ғылым Комитетінің ұсынған ғылыми журналдар тізіміне кіретін философия, мәдениеттану, дінтану бағыттары бойынша журналдарда жарияланған мақалаларына контент талдау жасау.

Зерттеудің міндеттері:

- 2015-2024 жылдар аралығындағы философия, мәдениеттану, дінтану бағыттары бойынша журналдарда жарияланған толеранттылыққа қатысты мақалаларды іріктеу және жүйелеу;

- мақалалардың тақырыптық бағыттарын, әдіснамалық негіздерін және негізгі тұжырымдарын талдау;

- толеранттылық мәселесінің гуманитарлық ғылымдардағы зерттелу деңгейін анықтау;

- қазақстандық ғалымдардың толеранттылық мәселесіне қатысты ұстанымдары мен көзқарастарын салыстыру;

- толеранттылықты зерттеуге арналған мақалалардың білім беру және мемлекеттік саясат салаларымен байланысын анықтау.

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Толеранттылық ұғымының анықтамасы мен тұжырымдары

Алғашқы зерттеу сұрағы түрлі сала мамандарының толеранттылық ұғымына берген анықтамалары мен тұжырымдарын талдауға арналды. Шолу нәтижелеріне сай, ғалымдардың еңбектерінде толеранттылық ұғымы әртүрлі қырынан қарастырылатыны анықталды. Авторлар толеранттылықты мәдениетаралық коммуникацияның маңызды қағидаты, әлеуметтік тұрақтылық пен дінаралық келісімді қамтамасыз етуші механизм, ұлттық бірегейлікті қалыптастырушы фактор ретінде сипаттайды. Сондай-ақ оның Қазақстанның ерекше әлеуметтік-мәдени және тарихи контекстіне байланысты қалыптасқанын көрсетеді. Бірқатар ғалымдар толеранттылықты Қазақстанның көпэтносты және көпконфессиялы құрылымымен тікелей байланыстырады, яғни оны әлеуметтік құндылық әрі этносаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз ететін құрал ретінде қарастырады.

Қарабаева мен Исмагамбетованың «Қазақстан қоғамындағы діни төзімділік, толеранттылықтың түрлерін және толеранттылық модельдерін анықтау» атты мақаласында (2016) толеранттылық қазіргі әлемдегі мәдениетаралық коммуникацияның негізгі қағидаты ретінде қарастырылады. Авторлар толеранттылықты – әртүрлі этностар, мәдениеттер мен діндердің тұрақты және үйлесімді қатар өмір сүруін қамтамасыз ететін, өзара құрмет пен мәдени көптүрлілікті мойындауға негізделген, ортақ құндылықтарды қалыптастыру қабілеті ретінде анықтайды. Діни толеранттылық ұғымы басқа адамдардың сенімдеріне, діни тәжірибелеріне төзімділік таныту, сонымен қатар өз сенімдері мен рухани бағдарларын сақтап қалу ретінде түсіндіріледі.

Ғалымдар Қазақстандағы толеранттылық моделінің қалыптасуына ғасырлар бойғы қонақжайлық, өзара көмек және өзге мәдениетке деген құрмет сияқты дәстүрлер айтарлықтай ықпал еткенін атап өтеді. Батыс елдерінен ерекшелігі – Қазақстанда толеранттылық көбіне «саяси тапсырыс» ретінде қалыптасқан, яғни көпұлтты және көпконфессиялы қоғамдағы әлеуметтік келісімді нығайтудың қажетті шарты ретінде дамыған. Қазақстандық толеранттылық моделі этносаралық, конфессияаралық, әлеуметтік және мәдени төзімділіктің элементтерін үйлестіре отырып, жаһандану мен ішкі жаңғыру жағдайларына бейімделіп келеді. Қазақстандық қоғам контексіндегі діни толеранттылық – бұл діни алуандылыққа жай ғана төзімділік емес, әртүрлі конфессиялардың бейбіт қатар өмір сүру құндылығын саналы түрде мойындау. Ол мәдени дәстүрлермен, тарихи тәжірибемен және конфессияаралық татулықты сақтау жөніндегі мемлекеттік саясатпен тығыз байланысты, сондықтан ол елдің ұлттық бірегейлігі мен әлеуметтік тұрақтылығының маңызды элементі болып саналады.

Толеранттылықтың демократиялық қоғамның құндылығы және оның негізінде жеке таңдау еркіндігі мен өз әрекеттері үшін жауапкершілік сияқты моральдық ұстанымдар жатқанын Сабитқызы, Тлеп, Симтиков «Төзімділік түсініктері, оның шектері және парадокстар» атты мақаласында (2024) негіздейді. Авторлар толеранттылық тек ерікті түрде, саналы түрде қабылданған жағдайда ғана мүмкін екенін атап өтеді. Егер толеранттылық мәжбүрлі түрде жүзеге асырылса, ол шынайы төзімділік емес, тек жағымсыз нәрселерге шарасыз көну болады деп есептейді.

Мақалада авторлар төзімділік пен толеранттылық арасындағы айырмашылыққа ерекше назар аударады. Төзімділік көбіне сыртқы жағдайларға байланысты, беткі қабылдау ретінде сипатталады, ал толеранттылық – өзгелердің ерекшелігін саналы түрде құрметтеуге негізделген ішкі ұстаным. Авторлардың пайымдауынша, толеранттылық тек қана қарсыластықтың болмауы емес, сонымен қатар конструктивті диалог пен мәдени алмасуға деген белсенді ұмтылыс.

Сонымен қатар, авторлар толеранттылықтың шектері мен парадокстарына да тоқталады. Барлығын шексіз қабылдауға ұмтылу кейде моральдық бағыт-бағдардың жоғалуына немесе шынайы құрметтің формалды саяси түзетумен алмастырылуына әкелуі мүмкін. Толеранттылықтың жағымды сипатына қарамастан, оның белгілі бір шегі бар екендігіне назар аударады. Жалпы, мақалада толеранттылық – бұл әлеуметтік, мәдени және саяси жағдайларға байланысты үнемі қайта қарауды қажет ететін күрделі және динамикалық ұғым екені атап көрсетіледі.

Толеранттылықты белгілі бір дін аясында қарастыру мәселесі де зерттеушілердің еңбектерінде кездеседі. Мәселен, Сейтахметова және т.б. «Ислам толеранттылығы: концептуалдылық, контекстуалдылық және тәжірибе» атты мақаласында (2024) ислам толеранттылығы ұғымын ислам мәдениеті мен құндылықтар жүйесі тұрғысынан қарастырады. Авторлар ислам толеранттылығын рухани қағидаттарды, адамгершілік императивтерді және өзара түсіністік философиясын қамтитын көпқырлы құбылыс ретінде сипаттайды. Ғалымдар Араб Барометрінің әлеуметтік зерттеулеріне сүйене отырып, әртүрлі мұсылман қоғамдарындағы толеранттылық ұғымының эволюциясын талдаған. Бұл тұрғыда толеранттылық тек бейтарап шыдамдылық емес, сонымен бірге көпконфессиялы және көпмәдениетті ортада диалог пен өзара түсіністікті нығайтуға бағытталған белсенді ұстаным ретінде көрініс табады.

Мақаланың негізгі ерекшелігі – ислам толеранттылығының жан-жақты анықтамасын ұсынуы. Авторлар бұл ұғымды исламның негізгі принциптері – сабр (шыдамдылық) және тасамух (кеңшілік таныту) ұғымдарымен байланыстырады, олар теологиялық талқылауларда да, тарихи тәжірибеде де орныққан. Ислам толеранттылығы діни және мәдени алуан түрлілікті құрметтеу, сонымен бірге өз сенімі мен бірегейлігін сақтау ретінде түсіндіріледі. Мақалада исламдық толеранттылық жай ғана төзімділік

емес, әділеттілік, мейірімділік және адам қадір-қасиетін құрметтеу қағидаттарымен тығыз байланысты этикалық және құқықтық қағида екені атап өтіледі. Сонымен бірге мақала толеранттылық жеке тұлғалық қасиет қана емес, бүкіл қоғамға тән нормалар жүйесіне айналуы тиіс деген оймен түйінделген.

Толеранттылық ұғымына берілген анықтамалар мен тұжырымдаларды қорытындылайтын болсақ, толеранттылық – бұл әрқашан өзгеріп, қайта қарауды талап ететін динамикалық, күрделі және көпдеңгейлі ұғым. Ол жеке сана-сезім деңгейінен бастап, мемлекеттік саясат пен жаһандық қатынастар деңгейіне дейін кең ауқымды қамтиды және қазіргі заманауи қоғам үшін негізгі құндылықтардың бірі болып қала береді.

Зерттеулерде қолданылған әдіснамалық ұстанымдар мен әдістерді сараптау

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардағы әдіснама – бұл адам мінез-құлқы, қоғам мен мәдениеттерді зерттеуді бағыттайтын жүйелі принциптер мен процедуралардың жиынтығы. Әдіснама түрлі ғылыми салалардың әдістерін біріктіруге көмектесіп, күрделі әлеуметтік құбылыстарды тереңірек талдауға жол ашады. Дұрыс таңдалған әдістер зерттеудің жүйелілігін қамтамасыз етеді, нәтижелердің қайталануына және дұрыстығын тексеруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ әдіснама теориялық тұжырымдамаларды нақты өмірдегі тәжірибемен байланыстырады, бұл әсіресе философия, саясаттану, мәдениеттану, әлеуметтану және дінтану салаларында маңызды.

Қазақстандық гуманитарлық зерттеулердің, оның ішінде дінтанулық зерттеулердің әдіснамасы тәуелсіздік жылдарында қалыптасу мен қайта пайымдау кезеңдерінен өтті. Бұл үдеріс әлеуметтік, саяси және мәдени өзгерістермен тығыз байланысты. Кеңес заманында дінтанулық зерттеулер ғылыми атеизм мен тарихи материализм негізінде жүргізілсе, тәуелсіздік алған соң діннің қоғамдағы орны күрт өзгерді. Жаңа діни ұйымдар пайда болып, дәстүрлі діндердің рөлі артты. Осындай жағдайда, әдіснаманы қайта қарастыру қажеттігі туындады. Косиченконың пікірінше (2022), Қазақстандағы діни ахуалды түсіну үшін аналитикалық және болжау сипатындағы зерт-

теулер қажет. Дінтанулық зерттеулердің аясын кеңейтіп, тек діни сенімдер мен рәсімдерді ғана емес, діннің қоғамға, мәдениетке, экономикаға және саясатқа әсерін де зерттеу маңызды (Косиченко, 2022).

Әдебиеттік шолудың зерттеу сұрақтарының бірі мақалаларда қолданылған әдіснаманы талдау болды. Мақалаларда қолданылған әдістер үксастықтарына қарай төрт топқа топтастырылды:

- тарихи-салыстырмалы, теориялық талдау, құжаттық зерттеу әдістері;
- философиялық талдау, аксиологиялық, мәдени-философиялық әдістері;
- әлеуметтанулық зерттеу, сауалнама, статистикалық талдау әдістері;
- герменевтикалық, жүйелік талдау, институционалдық зерттеу әдістері (2-сурет).

Толеранттылықты зерттеуде қолданылатын әдістер әртүрлі болғанымен, олардың арасында тарихи-салыстырмалы, теориялық талдау және құжаттық зерттеу әдістері басымдыққа ие екені анықталды (37%). Бұл әдістердің кеңінен қолданылуы толеранттылықты тарихи даму контекстінде, әртүрлі мәдениеттер мен тарихи кезеңдердегі ерекшеліктерін салыстыра отырып зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, теориялық талдау толеранттылық ұғымының эволюциясын, оның мазмұнын анықтауға және ғылыми ұғымдық аппаратын қалыптастыруға бағытталады. Құжаттық зерттеу әдістері арқылы толеранттылық мәселесінің құқықтық және нормативтік негіздері, халықаралық және ұлттық деңгейдегі саяси-құқықтық құжаттарда бекітілуі сарапталады.

Зерттеулердің 26%-ы философиялық талдау, аксиологиялық және мәдени-философиялық әдістерге сүйенеді. Бұл толеранттылықты тек әлеуметтік құбылыс ретінде ғана емес, сонымен бірге құндылықтық және философиялық категория ретінде қарастырудың маңыздылығын көрсетеді. Аксиологиялық әдіс арқылы толеранттылықтың құндылықтық негіздері, оның әртүрлі мәдениеттер мен өркениеттердегі интерпретациясы талданады. Мәдени-философиялық тұрғыдан толеранттылық мәдениетаралық диалогтың негізгі шарты ретінде қарастырылып, түрлі мәдени жүйелердегі орны мен рөлі айқындалады.



2-сурет – Зерттеу әдістері

Келесі зерттеулердің 23%-ы герменевтикалық, жүйелік талдау және институционалдық зерттеу әдістерін қолдануға негізделген. Герменевтикалық талдау арқылы толеранттылыққа қатысты мәтіндер мен дискурстарды түсіндіру жүзеге асса, жүйелік талдау толеранттылықтың әлеуметтік жүйелермен өзара байланысын, оның қоғамдағы көпдеңгейлі рөлін зерделейді. Ал институционалдық зерттеу әдістері толеранттылықты қалыптастыруға және дамытуға ықпал ететін мемлекеттік, қоғамдық және білім беру институттарының қызметін талдауға мүмкіндік береді.

Мақалалардағы әлеуметтанулық әдістердің үлесі 14%-ды құрайды. Сауалнама, статистикалық талдау сияқты әдістер нақты әлеуметтік жағдайдағы толеранттылықтың деңгейін өлшеу, түрлі әлеуметтік топтардың толеранттылыққа деген қатынасын айқындау тұрғысынан аса тиімді.

Жалпы алғанда, толеранттылықты зерттеу көбінесе теориялық-философиялық және тарихи-мәдени тұрғыда жүргізіліп келеді. Ал нақты әлеуметтік практика мен эмпирикалық зерттеулерге арналған жұмыстардың саны салыстырмалы түрде аз. Өз кезегінде бұл болашақта толеранттылықтың нақты әлеуметтік процестердегі көріністерін зерттеуге көбірек көңіл бөлуді қажет етеді деген ойдамыз.

Толеранттылықты қалыптастырудағы білім берудің рөлі

Білім беру жүйесі толеранттылықты қалыптастырудың маңызды құралы. Білім беру арқылы зайырлылықты нығайту, діни радикализмнің алдын алу және гуманистік құндылықтар насихатталады. Сол себепті осы зерттеуде назар аударылған мәселелердің бірі толеранттылықты тәрбиелеудегі білімнің рөлі болды.

Мақалаларды талдау зерттеушілердің білім беру жүйесін діни толеранттылық пен мәдениетаралық диалог идеяларын таратудағы негізгі тетіктердің бірі ретінде қарайтынын көрсетті. Авторлардың ойынша, білім саласы діни сауаттылықты көтеруге, сыни ойлауды дамытуға және радикалды идеяларға төтеп беруге ықпал етеді. Мәселен, А. Құрманалиева, Е. Әскенұлы «Дінтанулық білім берудегі зайырлылық пен діндарлық принципі» атты мақаласында зайырлы білім беру жүйесін конфессияаралық толеранттылықты дамытудың негізгі тұғыры ретінде қарастырады (2015). Зерттеушілердің пайымдауынша, білім беру үрдісі әртүрлі діни көзқарастарға бейтарап және объективті түрде қарауды қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Бұл ұстаным оқушыларға тек өзінің діни сенімін құрметтеп қоймай, өзгелердің де сенімдеріне сыйластықпен қарауға тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Зайырлы білім беру жүйесінің ғылыми

рационалдылық пен тарихи объективтілік қағидаларына сүйенуінің маңыздылығы – діни тақырыптар мен тарихи мәселелерді оқыту барысында қандай да бір конфессияға басымдық бермеу, олардың тарихи және мәдени маңызын ғылыми негізде түсіндірумен байланысты. Авторлар осы ұстанымды қалыптастыру ісінде мұғалімнің алатын орны ерекше екеніне назар аударып, ұстаздардың бейтарап ұстанымы – оқушылардың санасына толеранттылық пен діни плюрализмді сіңірудің басты шарты деп ойлайды. Сонымен бірге оқушылардың толерантты болып тәрбиеленуінде дінтану пәндерінің ролін атап өткен зерттеушілер, бұл пәндердің діни сауаттылықты арттырумен қатар, діни фанатизм мен радикализмнің алдын алудың тиімді құралына айналу әлеуетіне ие деп болжайды. Осыған байланысты, мақалада «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін мектеп бағдарламасына міндетті пән ретінде енгізу қажеттігі айтылады. Бүгінгі таңда бұл пән Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығына сәйкес факультатив пәндер қатарына кіреді (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, 2014).

Бишманов пен Орынбековтың (2023) зерттеуінде діни сауаттылықтың толеранттылықты қалыптастырудағы және экстремизмнің алдын алудағы маңызы айрықша атап өтіледі. Авторлар діни сауаттылық тек діни білім берумен шектелмеуі керек екенін, сонымен қатар жастардың сыни ойлау дағдыларын дамытып, діни идеяларды талдай білуіне жағдай жасау қажеттігін көрсетеді.

Зерттеушілер діни сауаттылықтың төмен деңгейі мен радикалды идеологияларға осалдығы арасындағы айқын корреляцияны жүргізілген далалық зерттеу нәтижесінде анықтады. Сұхбатқа қатысқан сарапшылар діни бірлестіктердің тату-тәтті өмір сүруі, экстремизмнің құқықтық және әлеуметтік салдары туралы халықтың хабардарлығын арттыруға бағытталған кешенді білім беру науқаны қажеттігін атап өтті.

Бишманов пен Орынбековтың (2023) пікірінше, Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ең тиімді моделі – зайырлы және ұлттық білім беру жүйесі. Ғалымдар діни білім беруді мемлекеттік қолдау жүйесін қалыптастырудың маңыздылығын атап өтеді, бұл жүйе діни ұйымдармен бірлесе отырып жүзеге асырылып, мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес болуы тиіс. Сонымен қатар, осы жүйе аясында мұғалімдерді зайырлы пәндер бойынша даярлау қамтамасыз етілуі қажет. Діни сауаттылық пен

зайырлы білім беруді үйлестіру арқылы толеранттылықты, мәдениетаралық диалогты дамытуға және экстремистік идеологияларға қарсы иммунитет қалыптастыруға болады деп есептейді.

Шолу нәтижелері көрсеткеніндей, білім беру жүйесіндегі толеранттылық мәселесінің тағы бір аспектісі тарихи негіздермен байланыстырылады. Мысалы, Алашорда қайраткерлерінің ағартушылық қызметі, олардың заманауи білім мен ғылыми білімдерді насихаттауы ұлттық бірегейлікті қалыптастыруды толеранттылық саласындағы тәрбиемен ұштастырудың алғашқы әрекеттері ретінде айтылады (Сейтахметова & Турганбаева, 2023). Келесі зерттеу Имам Матуридидің шәкірт тәрбиелеудегі ролін, оның исламдық сенім жүйесін жүйелеуде қолданған әдістерін талдайды. (Ботакараев, 2021). Авторлардың тарихи мысалдары білім мен толеранттылық арасындағы байланыстың діни және зайырлы тәрбиелік дәстүрлерде терең тамыры бар екенін көрсетеді.

Қорыта айтқанда, ғалымдар білім беруді, әсіресе діни сауаттылықты арттыруды, сыни ойлауды дамытуды және ашық диалог жүргізуді толеранттылықты қалыптастырудың және діни экстремизмнің алдын алудың маңызды факторы деп санайды. Дегенмен, кейбір ғалымдар білім беру бағдарламаларын, соның ішінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру, оқу бағдарламаларын әзірлеу және халықаралық озық тәжірибелерді интеграциялауды қоса алғанда, үздіксіз жетілдіру қажеттігін де атап көрсетеді.

Толеранттылықты насихаттауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар және олардың тиімділігі

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қазақстандық ғалымдардың толеранттылықты зерттеуде мемлекеттік бағдарламалар, заңнамалық құжаттар, тарихи және халықаралық келісімдер мен декларацияларды талдауға ерекше мән беретінін байқауға болады. Бұл тұрғыда, ҚР Конституциясы, 2011 жылғы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы, сондай-ақ ҚР Дін істері комитеті жүзеге асырған қайта тіркеу жұмыстары мен діни саясатқа қатысты өзге де мемлекеттік шаралар бірқатар мақалаларда баяндалған (Курманалиева & Әскенұлы, 2015; Ботакараев & Камалова, 2022; Нурмуратов, Қасабекова & Аймуратов, 2021). Бұл құжаттар мен шаралар Қазақстанның зайырлылық принциптерін қамтамасыз ететін және конфессияаралық келісімді нығайтатын құқықтық базаның негізін құрайды.

Десе де зерттеулерде нақты мемлекеттік бағдарламаларға тікелей талдау жасалмаған жағдайлар да кездеседі. Алайда, мұндай мақалаларда діни білім беру мен зайырлылық қағидаттарының маңызы, олардың діни толеранттылықты қалыптастырудағы рөлі жан-жақты қарастырылады (Бейсенов & Игисенова, 2015; Ботакараев, 2021; Атхатов, 2021). Кейбір ғылыми жұмыстарда толеранттылық мәселесі Қазақстан Конституциясында бекітілген діни еркіндік қағидаттарымен, сондай-ақ радикалды діни ұйымдарға қарсы күрес шараларымен тығыз байланыста талданған (Рысбекова & Базарбаев, 2015; Бишманов & Орынбеков, 2023).

Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі, «Қазақстан-2050» стратегиясы, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы, Қазақстанның ұлттық бірлік доктринасы және діни экстремизмге қарсы күрес жөніндегі кешенді жоспарлар мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары ретінде танылып, бұл құжаттарда этносаралық және дінаралық келісімді нығайту басымдық ретінде айқындалған (Исмағамбетова & Карабаева, 2016; Tungatova et al., 2024; Zhalelova, 2023; Кожамжарова и др., 2024). Аталған стратегиялық құжаттар мен бағдарламалар толеранттылықты ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі ретінде қарастырып, оны зайырлы және демократиялық мемлекеттің тұрақтылығы мен дамуының шарты ретінде сипаттайды.

Тарихи және халықаралық құжаттарды талдау да қазақстандық ғалымдардың назарынан тыс қалмаған. Мәселен, Алаш қозғалысының 1917 жылғы бағдарламасы мен Уақытша үкіметтің «Ар-ождан бостандығы туралы» құжатының дін мен мемлекеттің бөлінуі және барлық діндерге тең құқық беру туралы талаптары қазіргі Қазақстанның зайырлы даму жолымен сабақтастықта қарастырылады. Сондай-ақ, Қазақ хандығындағы «Жеті Жарғы» заңдарының исламдық және дәстүрлі құқық нормаларын үйлесімді ұштастыруы діни төзімділік тәжірибесінің тарихи бастаулары ретінде талданған (Mazhiev et al., 2022).

Қазақстанның халықаралық бастамалары мен сыртқы саясаттағы рөлі де діни толеранттылықты нығайту тұрғысынан маңызды фактор ретінде қарастырылуда. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съездері, Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы, Ислам ынтымақтастық ұйымындағы белсенділігі, ЮНЕСКО мен БҰҰ-ның толеранттылық жөніндегі декларацияларын қолдау арқылы Қазақстан халықаралық аренада толерантты мемлекет ретінде танылып отыр

(Исмағамбетова және т.б., 2018; Дариябек, 2018; Исмағамбетова & Бадмаев, 2018; Zhalelova, 2023). Бұл халықаралық бастамалар ішкі саясаттағы конфессияаралық келісім стратегиясымен үйлесім тапқанын көрсетеді.

Мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігіне келер болсақ, зерттеулер бұл бағыттағы саясаттың құқықтық және институционалдық негізі қалыптасқанын растайды (Курманалиева & Әскенұлы, 2015; Исмағамбетова & Карабаева, 2016; Нурмуратов, Қасабекова & Аймуратов, 2021). Келесі зерттеулерде Қазақстан халқы Ассамблеясының этносаралық және конфессияаралық диалог алаңы ретіндегі қызметі, «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің енгізілуі, сондай-ақ Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының бағдарламалары толеранттылық мәдениетін қалыптастырудағы маңызды тетіктер ретінде қарастырылады (Tungatova et al., 2024; Балпанов және т.б., 2023; Сәбитқызы & Конаева, 2024).

Алайда, бағдарламалардың тиімділігіне қатысты бірқатар сындар да жоқ емес. Мәселен, зерттеушілердің ойынша кейбір мемлекеттік бағдарламалардың декларативтік сипаты басым, олардың нақты орындалу механизмдері мен индикаторлары жеткілікті түрде айқындалмаған (Сейтахметова & Турганбаева 2023; Исмағамбетова и др., 2021). Келесі мәселе, мемлекеттік саясат негізінен діни экстремизм мен радикализмнің алдын алуға бағытталғандықтан, мәдениетаралық және дінаралық диалогты дамыту мәселелері кейде екінші кезекке ығысып қалады (Бишманов & Орынбеков, 2023; Ботакараев & Камалова, 2022) деген пікірге саяды. Сондай-ақ ғалымдар білім беру мен ақпараттық-түсіндіру жұмыстары формалды деңгейде жүргізілуі, жастар арасында толеранттылық мәдениетінің қалыптасуына жеткілікті деңгейде ықпал етпей отырғанына назар аударады (Кожамжарова и др., 2024; Сәбитқызы & Сапашев, 2023).

Халықаралық тәжірибе мен тарихи сабақтастықты ескеретін бағдарламалар тиімділігін оң бағалайтын зерттеулер де бар. Мәселен, Амман декларациясының (2004 ж.) исламдық толеранттылықты түсіндірудегі рөлі мен Ұлы Жібек жолы дәуіріндегі мәдени алмасулардың қазіргі толеранттылық саясатына әсері мәселесі (Сәбитқызы, 2023; Seitakhmetova et al., 2024). Бұл тұрғыда, мемлекеттік бағдарламалар халықаралық және тарихи тәжірибелермен үндестіру арқылы ішкі тұрақтылық пен діни келісімді қамтамасыз етуге бағытталған.

Қорытындылай келе, Қазақстандағы толеранттылықты нығайтуға арналған мемлекеттік бағдарламалар кешенді сипатқа ие болғанымен, олардың тиімділігі әртүрлі факторларға тәуелді екені анықталды. Атап айтқанда, заңнамалық базаның жетілдірілуі, мемлекеттік және қоғамдық институттар арасындағы өзара іс-қимыл сапасы, білім беру жүйесіндегі толеранттылықты насихаттау деңгейі және азаматтық қоғамның белсенділігі шешуші рөл атқарады.

Қорытынды

Бұл зерттеу соңғы он жылдағы Қазақстандағы толеранттылық мәселесі бойынша жарияланған ғылыми мақалалардағы негізгі үрдістерін анықтады. Қазақстандық басылымдарды талдау діни төзімділікті білім беру, мемлекеттік саясат және қоғамдық дискурс контекстінде түсінудің басты тәсілдерін айқындауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижесінде Қазақстанда толеранттылықты қалыптастыру көпқырлы үдеріс екені анықталып, оның білім беру бастамаларын, құқықтық шараларды және әлеуметтік-мәдени тәжірибелерді қамтитыны сараланды.

Толеранттылыққа қатысты берілген анықтамалар мен ғылыми тұжырымдарды саралай келе, бұл ұғымның тұрақты бір қалыпта тұрмайтын, үнемі жанаша көзқарас пен бағалауды қажет ететін, көпқырлы әрі күрделі құбылыс екенін байқауға болады. Толеранттылықтың ауқымы жеке тұлғаның дүниетанымынан бастап, ұлттық саясат пен жаһандық өзара әрекеттестікке дейінгі кеңістікті қамтиды және қазіргі заман қоғамы үшін басты құндылықтардың бірі ретінде өз маңызын сақтап келеді. Әдіснамалық тұрғыдан алғанда, толеранттылық мәселесі ғылыми ортада көбінесе теориялық-философиялық және тарихи-мәдени контексте зерттеліп келгені байқалады. Ал нақты әлеуметтік тәжірибелер мен эмпирикалық деректерге негізделген зерттеулердің саны айтарлықтай шектеулі. Осыған байланысты, алдағы уақытта толеранттылықтың қоғамдағы күнделікті өмірдегі, әлеуметтік қатынастардағы көріністерін тереңірек талдауға ерекше мән берген жөн деп есептейміз.

Зерттеушілердің басым бөлігі толеранттылық мәдениетін қалыптастыруда білім беру

жүйесінің, әсіресе діни сауаттылықты арттырудың, сыни ойлау дағдыларын дамытудың және ашық пікір алмасу алаңдарын құрудың маңызды рөл атқаратынын атап көрсетеді. Сонымен қатар, кейбір ғалымдар бұл бағыттағы білім беру бағдарламаларын үздіксіз жетілдіру қажеттігін алға тартады. Оның ішінде мұғалімдердің кәсіби деңгейін көтеру, оқу мазмұнын заманауи талаптарға сай бейімдеу және халықаралық үздік тәжірибелерді енгізу мәселелері өзекті болып отыр.

Жалпы алғанда, Қазақстанда толеранттылықты нығайтуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар кешенді сипатқа ие екені анықталды. Алайда олардың нәтижелілігі бірқатар факторларға байланысты. Атап айтқанда, заңнамалық базаны жетілдіру, мемлекеттік құрылымдар мен қоғамдық институттар арасындағы өзара әріптестікті нығайту, білім беру жүйесінде толеранттылық құндылықтарын кеңінен насихаттау және азаматтық қоғамның белсенділігін танытуы маңызды орын алады.

Біздің ойымызша, болашақта Қазақстанның әр өңіріндегі жергілікті қауымдастықтардың, жастар ұйымдарының және діни көшбасшылардың толеранттылық құндылықтарын ілгерілетудегі рөліне талдау жасау маңызды. Сондай-ақ цифрлық дәуірдегі діни сана трансформациясын зерттеу де өзекті бағыттардың бірі болып қала береді. Ғаламдық дағдарыстар, діни консерватизмнің күшеюі және әлеуметтік желілердің ықпалы артып келе жатқан заманда толеранттылық мәдениетін сақтау мен дамыту – тек мемлекеттік деңгейдегі емес, бүкіл қоғамға ортақ міндет. Бұл ретте ғылыми қауымдастық пен сарапшылардың белсенді атсалысуы аса маңызды.

Қаржыландыру

Берілген мақала «Толеранттылықты қалыптастырудағы орта және арнайы орта білім беру ұйымдарында дінтанулық білімнің әлеуметтік психологиялық аспектілері» тақырыбындағы жас Ғалым ғылыми жобасы аясында дайындалып, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды. Грант АР 22685041.

Әдебиеттер

- Атхатов, Л. К. (2021). Воспитание толерантности в трудах Джами. *Аль-Фараби*, 75(3). <https://doi.org/10.48010/2021.3/1999-5911.07>
- Балпанов, Н., Тутинова, Н., Кемербай, Р., & Абдираманова, А. (2023). Қазақстанда діни төзімділік мәдениетін қалыптастыру тәжірибесі. *ҚазҰУ Хабаршысы. Дінтану сериясы*, 34(2), 65–73. <https://doi.org/10.26577/EJRS.2023.v34.i2.r7>
- Бейсенов, Б.Қ., & Игисенова, А.Р. (2015). Дінтанудағы христиандық тарихын оқытудың ерекшеліктері. *ҚазҰУ Хабаршысы. Дінтану сериясы*, 3(3). <https://doi.org/10.26577/EJRS-2015-3-35>
- Бердалина, А., & Scarantino, L. (2019). Роль принципа толерантности в гармонизации общественных отношений в Республике Казахстан. *Вестник КазНУ. Серия философии, культурологии и политологии*, 68(2), 13–21. <https://doi.org/10.26577/jrsc.2019.v68.i2.02>
- Bishmanov, K., & Orynbekov, N. (2023). Enhancing religious literacy to counter extremism and terrorism in Kazakhstan's religious context. *Eurasian Journal of Religious Studies*, 34(2), 23–33. <https://doi.org/10.26577/EJRS.2023.v34.i2.r3>
- Ботакараев, Б. (2021). Имам Матуриди дүниетанымындағы өмір және толеранттылық мәселесі. *Адам әлемі*, 90(4), 152–162. <https://doi.org/10.48010/2021.4/1999-5849.16>
- Ботакараев, Б., & Камалова, Ф. (2022). Қазақстан қоғамындағы зайырлылық: әлеуметтік-философиялық талдау. *Адам әлемі*, 94(4), 46–53. <https://doi.org/10.48010/2022.4/1999-5849.05>
- Byrne, P. (2011). Religious Tolerance, Diversity, and Pluralism. *Royal Institute of Philosophy Supplement*, 68, 287–309. <https://doi.org/10.1017/S1358246111000014>
- Вольтер, Ф. (2020). Трактат о терпимости (Л. Юсупова, ред.). Эксмо-Пресс.
- Дариябек, Д. С. (2018). Қазақ мәдениетіндегі толеранттылық идеясы. *ҚазҰУ хабаршысы. Философия, саясаттану және Мәдениеттану*, 57(3), 141–145. <https://bulletin-philospolit.kaznu.kz/index.php/1-pol/article/view/291>
- United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization. (1995). Declaration of principles on tolerance. UNESCO. <https://www.unesco.org/en/legal-affairs/declaration-principles-tolerance>
- Encyclopaedia Britannica. (n.d.). Toleration. In Britannica. Retrieved February 25, 2025, from <https://www.britannica.com/topic/toleration>
- Zhalelova, G., Malikova, A., & Rakymzhanova, S. (2023). The influence of oratory on the regulation of tolerant interethnic relations. *Adam Alemi*, 96(2), 35–41. <https://doi.org/10.48010/2023.2/1999-5849.04>
- Исмагамбетова, З., & Бадмаев, В. (2018). Мультикультурализм и толерантность: вызовы современного мира. *Вестник КазНУ. Серия философии, культурологии и политологии*, 47(2), 218–226. <https://bulletin-philospolit.kaznu.kz/index.php/1-pol/article/view/845>
- Ismagambetova, Z., & Karabayeva, A. (2016). Определение религиозной толерантности, типов и модели толерантности в казахстанском обществе. *Вестник КазНУ. Серия Религиоведение*, 5(1), 18–28. <https://doi.org/10.26577/EJRS-2016-1-161>
- Исмагамбетова, З. Н., Рысбекова, Ш. С., & Балпанов, Н. (2018). Пути формирования толерантности. *Вестник КазНУ. Серия философии, культурологии и политологии*, 57(3), 49–54. <https://bulletin-philospolit.kaznu.kz/index.php/1-pol/article/view/281>
- Исмагамбетова З.Н., Балпанов Н.М., Карабаева А.Г., & Мирзабекова А.Ш., (2021). Формирование религиозной толерантности и интолерантности в контексте западной средневековой культуры. *Аль-Фараби*, 73(1). <https://doi.org/10.48010/2021.1/1999-5911.08>
- Кожамжарова, М., Аубакирова, С., Ахметова, Г., & Салимова, Р. (2024). Ключевые подходы к исследованию феномена религиозности. *Аль-Фараби*, 88(4), 57–68. <https://doi.org/10.48010/2024.4/1999-5911.05>
- Косиченко, А. Г. (2022). Методология религиоведения в контексте естественнонаучных и социогуманитарных исследований. *Адам әлемі*, 93(3), 120–132.
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. (2014). «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1400009691>
- Құрманалиева, А. Д., & Әскенұлы, Ә. Е. (2015). Дінтанулық білім берудегі зайырлылық пен діндарлық принципі. *ҚазҰУ Хабаршысы. Дінтану сериясы*, 3(3). <https://doi.org/10.26577/EJRS-2015-3-33>
- Локк, Дж. (1988). Опыт веротерпимости (Т. 3). Мысль.
- Mazhiev, G., Melissova, B., & Almukhametov, A. (2022). Historical and legal aspects of the formation of the Republic of Kazakhstan as a Secular State. *Eurasian Journal of Religious Studies*, 30(2), 68–78. <https://doi.org/10.26577/EJRS.2022.v30.i2.r7>
- Мусина, Д. Р. (2018). Концепция светскости в поликонфессиональном пространстве. *Вестник КазНУ. Серия философии, культурологии и политологии*, 58(4), 107–112. <https://bulletin-philospolit.kaznu.kz/index.php/1-pol/article/view/325>
- Нурмуратов, С., Қасабекова, Е., & Аймуратов, С. (2021). Научное и мировоззренческое значение феномена светскости. *Адам әлемі*, 87(1), 111–123. <https://doi.org/10.48010/2021.1/1999-5849.10>
- Поппер, К. (1992). Открытое общество и его враги (В. Н. Садовский, ред., Пер. с англ., В 2 тт.). Культурная инициатива; Феникс.
- Рысбекова, Ш. С., & Базарбаев, Б. (2015). Религиозная ситуация в Казахстане: проблема диалога религии и государства. *Вестник КазНУ. Серия Религиоведение*, 3(3). <https://doi.org/10.26577/EJRS-2015-3-38>
- Sabitkyzy, A. (2023). Қазақстандағы діни төзімділіктің ерекшелігі. *ҚазҰУ Хабаршысы. Дінтану сериясы*, 35(3), 67–76. <https://doi.org/10.26577/EJRS.2023.v35.i3.r7>

- Сабитқызы, А., Тлеп, Б., & Симтиков, Ж. (2024). Концепции толерантности, её пределы и парадоксы. *Адам әлемі*, 102(4), 31–39. <https://doi.org/10.48010/aa.v102i4.640>
- Сәбитқызы, А., & Конаева, Г. (2024). Толерантність як фундамент політики мультикультуралізму. *Аль-Фарабі*, 88(4), 120–135. <https://doi.org/10.48010/2024.4/1999-5911.10>
- Сәбитқызы, А., & Сапашев, О. (2023). Формирование толерантной личности — главная задача образования. *Аль-Фарабі*, 82(2), 63–74. <https://doi.org/10.48010/2023.2/1999-5911.06>
- Сейтахметова, Н., Токтарбекова, Л., Бидахметова, Ш., & Шаронова, Е. (2024). Исламская толерантность: концептуальность, контекстуальность, практика. *Адам әлемі*, 99(1), 172–179. <https://doi.org/10.48010/aa.v99i1.576>
- Сейтахметова, Н., & Турганбаева, Ж. (2023). Феноменология исламской толерантности в постнормальные времена: опыт Казахстана. *Адам әлемі*, 97(3), 156–162. <https://doi.org/10.48010/2023.3/1999-5849.16>
- Симуканова, Г. (2020). Глобализация и национально-культурная идентичность. *Адам әлемі*, 86(4), 145–153. <https://doi.org/10.48010/2020.4/1999-5849.16>
- Tungatova, U., Aljanova, N., Utebayeva, D., & Yuldashev, T. (2023). Integrating “secularism and fundamentals of religious studies” into the mandatory curriculum of secondary education in Almaty, Kazakhstan: A case study. *Eurasian Journal of Religious Studies*, 36(4), 3–13. <https://doi.org/10.26577/EJRS.2023.v36.i4.r1>

References

- Athatov, L. K. (2021). *Vospitanie tolerantnosti v trudah Dzhami*. *Al'-Farabi*, 75(3). <https://doi.org/10.48010/2021.3/1999-5911.07> in Russian
- Balpanov, N., Tutinova, N., Kemberaj, R., Abdiramanova, A. (2023). *Kazakstanda dini tozimdilik madenietin kalyptastyru tazhibesi*. *KazUU Habarshysy, Dintanu seriyasy*, 34(2), 65–73. <https://doi.org/10.26577/EJRS.2023.v34.i2.r7> in Kazakh
- Beisenov, B.K., Igisenova, A.R. (2015). *Dintanudagy hristiandyk tarihyndy okytudyn erekshelekteri*. *KazUU Habarshysy, Dintanu seriyasy*, 3(3). <https://doi.org/10.26577/EJRS-2015-3-35> in Kazakh
- Berdalina, A., Scarantino, L. (2019). *Rol' principa tolerantnosti v garmonizacii obshchestvennyh otnoshenij v Respublike Kazakistan*. *Vestnik KazNU. Seriya filosofii, kul'turologii i politologii*, 68(2), 13–21. <https://doi.org/10.26577/jpcp.2019.v68.i2.02> in Russian
- Bishmanov, K., Orynbekov, N. (2023). Enhancing religious literacy to counter extremism and terrorism in Kazakhstan's religious context. *Eurasian Journal of Religious Studies*, 34(2), 23–33. <https://doi.org/10.26577/EJRS.2023.v34.i2.r3> in English
- Botakaraev, B. (2021). *Imam Maturidi dunietyanymyndagy omir zhane toleranttylyk maselesi*. *Adam alemi*, 90(4), 152–162. <https://doi.org/10.48010/2021.4/1999-5849.16> in Kazakh
- Botakaraev, B., Kamalova, F. (2022). *Qazaqstan kogamyndagy zaiyrlylyk: aleumettik-filosofiyalyk taldau*. *Adam alemi*, 94(4), 46–53. <https://doi.org/10.48010/2022.4/1999-5849.05> in Kazakh
- Byrne, P. (2011). Religious Tolerance, Diversity, and Pluralism. *Royal Institute of Philosophy Supplement*, 68, 287–309. doi:10.1017/S1358246111000014. in English
- Vol'ter, F. (2020). *Traktat o terpomosti* (L. Yusupova, Red.). Eksmo-Press. in Russian
- Dariyabek, D.S. (2018). *Kazak madenietindegi toleranttylyk ideyasi*. *KazUU habarshysy. Filosofiya, sayasattanu zhane Madeniettanu*, 57(3), 141–145. <https://bulletin-philospolit.kaznu.kz/index.php/1-pol/article/view/291> in Kazakh
- United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization. (1995). Declaration of principles on tolerance. UNESCO. <https://www.unesco.org/en/legal-affairs/declaration-principles-tolerance> in English
- Encyclopaedia Britannica. (n.d.). Tolerant. In Britannica. Retrieved February 25, 2025, from <https://www.britannica.com/topic/tolerance> in English
- Zhalelova, G., Malikova, A., Rakymzhanova, S. (2023). The influence of oratory on the regulation of tolerant interethnic relations. *Adam Alemi*, 96(2), 35–41. <https://doi.org/10.48010/2023.2/1999-5849.04> in English
- Ismagambetova, Z., Badmaev, V. (2018). *Mul'tikul'turalizm i tolerantnost': vyzovy sovremennogo mira*. *Vestnik KazNU. Seriya filosofii, kul'turologii i politologii*, 47(2), 218–226. <https://bulletin-philospolit.kaznu.kz/index.php/1-pol/article/view/845> in Russian
- Ismagambetova, Z., Karabayeva, A. (2016). *Opreделение religioznoj toleratnosti, tipov i modeli tolerantnosti v kazahstanskoy obshchestve*. *Vestnik KazNU. Seriya Religiovedenie*, 5(1), 18–28. <https://doi.org/10.26577/EJRS-2016-1-161> in Russian
- Ismagambetova, Z.N., Rysbekova, Sh. S., Balpanov, N. (2018). *Puti formirovaniya tolerantnosti*. *Vestnik KazNU. Seriya filosofii, kul'turologii i politologii*, 57(3), 49–54. <https://bulletin-philospolit.kaznu.kz/index.php/1-pol/article/view/281> in Russian
- Ismagambetova, Z. N., Balpanov, N.M., Karabayeva A.G., & Mirzabekova A.Sh., (2021). *Formirovanie religioznoi tolerantnosti i intolerantnosti v kontekste zapadnoi srednevekovoi kultury*. *Al'-Farabi*, 73(1). <https://doi.org/10.48010/2021.1/1999-5911.08> in Russian
- Kozhamzharova, M., Aubakirova, S., Ahmetova, G., Salimova, R. (2024). *Klyuchevye podhody k issledovaniyu fenomena religioznosti*. *Al'-Farabi*, 88(4), 57–68. <https://doi.org/10.48010/2024.4/1999-5911.05> in Russian
- Kosichenko A.G. *Metodologiya religiovedeniya v kontekste estestvennonauchnyh i sociogumanitarnykh issledovaniy // Adam alemi. – 2022. – №3 (93). – С. 120-132.* in Russian
- Kazakstan Respublikasy Bilim zhane gylm ministrli. (2014). “Zhalpy bilim beru uymdaryna arnalgan zhalpy bilim беретin panderdin, tandau kurstarynyn zhane fakul'tativterdin ulgilik oku bagdarlamalaryn bekitu turaly” *Kazakstan Respublikasy Bilim zhane gylm ministrinin 2013 zhylygy 3 sauirdegi № 115 buirygyna ozgeris engizu turaly Kazakstan Respublikasy Bilim zhane gylm ministrinin 2014 zhylygy 15 shildedegi № 281 buirygy*. *Kazakstan Respublikasy Adilet ministrli*. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1400009691> in Kazakh

- Kurmanalieva, A. D., Askenyly, Ə. E. (2015). Dintanulyk bilim berudegi zaiyrlylyk pen dindarlyk principi. KazUU Habarshysy, Dintanu seriyasy, 3(3). <https://doi.org/10.26577/EJRS-2015-3-33> in Kazakh
- Lokk, Dzh. (1988). Opyt veroterpimosti (T. 3). Mysl'. in Russian
- Mazhiev, G., Melissova, B., Almukhametov, A. (2022). Historical and legal aspects of the formation of the Republic of Kazakhstan as a Secular State. Eurasian Journal of Religious Studies, 30(2), 68–78. <https://doi.org/10.26577/EJRS.2022.v30.i2.r7> in English
- Musina, D. R. (2018). Koncepciya svetskosti v polikonfessional'nom prostranstve. Vestnik KazNU. Seriya filosofii, kul'turologii i politologii, 58(4), 107–112. <https://bulletin-philospolit.kaznu.kz/index>. in Russian
- Nurmuratov, S., Kasabekova, E., Ajmuratov, S. (2021). Nauchnoe i mirovozzrencheskoe znachenie fenomena svetskosti. Adam alemi, 87(1), 111–123. <https://doi.org/10.48010/2021.1/1999-5849.10> in Russian
- Popper, K. (1992). Otkrytoe obshchestvo i ego vragi (V. N. Sadovskii, Red., Per. s angl., V 2 tt.). Kul'turnaya initsiativa; Feniks. in Russian
- Rysbekova, Sh. S., Bazarbaev, B. (2015). Religioznaya situatsiya v Kazakstane: problema dialoga religii i gosudarstva. Vestnik KazNU, Seriya Religiovedenie, 3(3). <https://doi.org/10.26577/EJRS-2015-3-38> in Russian
- Sabitkyzy, A. (2023). Kazakstandagy dini tozimdilikin erekshelegi. KazUU Habarshysy, Dintanu seriyasy, 35(3), 67–76. <https://doi.org/10.26577/EJRS.2023.v35.i3.r7> in Kazakh
- Sabitkyzy, A., Tlep, B., Simtikov, ZH. (2024). Kontseptsii tolerantnosti, ee predely i paradoksy. Adam alemi, 102(4), 31–39. <https://doi.org/10.48010/aa.v102i4.640> in Russian
- Sabitkyzy, A., Konaeva, G. (2024). Tolerantnost' kak fundament politiki multikul'turalizma.. Al'-Farabi, 88(4), 120–135. <https://doi.org/10.48010/2024.4/1999-5911.10> in Russian
- Sabitkyzy, A., Sapashev, O. . (2023). Formirovanie tolerantnoi lichnosti – glavnaia zadacha obrazovaniia. Al'-Farabi, 82(2), 63–74. <https://doi.org/10.48010/2023.2/1999-5911.06> in Russian
- Seitahmetova, N., Toktarbekova, L., Bidahmetova, Sh., Sharonova, E. . (2024). Islamskaya tolerantnost': konceptual'nost', kontekstual'nost', praktika. Adam alemi, 99(1), 172–179. <https://doi.org/10.48010/aa.v99i1.576> in Russian
- Seitahmetova, N., & Turganbaeva, Zh. (2023). Fenomenologiya islamskoi tolerantnosti v postnormal'nye vremena: opyt Kazakhstana. Adam alemi, 97(3), 156–162. <https://doi.org/10.48010/2023.3/1999-5849.16> in Russian
- Simukanova, G. (2020). Globalizatsiya i nacional'no-kul'turnaya identichnost'. Adam alemi, 4(86), 145–153. <https://doi.org/10.48010/2020.4/1999-5849.16> in Russian
- Tungatova, U., Aljanova, N., Utebayeva, D., & Yuldashev, T. (2023). Integrating “secularism and fundamentals of religious studies” into the mandatory curriculum of secondary education in Almaty, Kazakhstan: a case study. Eurasian Journal of Religious Studies, 36(4), 3–13. <https://doi.org/10.26577/EJRS.2023.v36.i4>. in English

Авторлар туралы мәлімет:

Тунгатова Улжан Аскарбаевна (корреспондент-автор) – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дінтану және мәдениеттану кафедрасының доценті м.а. (Алматы, Қазақстан, e-mail: tua20@mail.ru)

Утебаева Динара Сахибовна – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дінтану және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы (Алматы, Қазақстан, e-mail: 28_dinar@mail.ru)

Кулсариева Актolkyn Турлукановна – University of Illinois at Urbana-Champaign (Вашингтон, США, e-mail: aktolkyn777@mail.ru)

Information about the authors:

Tungatova Ulzhan Askarbayevna (corresponding author) – Acting Associate Professor of the Department of Religious Studies and Cultural Studies, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: tua20@mail.ru)

Utebayeva Dinara Sakhibovna – Senior Lecturer of the Department of Religious Studies and Cultural Studies, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: 28_dinar@mail.ru)

Kulsarieva Aktolkyn Turlukanovna – University of Illinois at Urbana-Champaign (Washington, USA, e-mail: aktolkyn777@mail.ru)

Сведения об авторах:

Тунгатова Улжан Аскарбаевна (автор-корреспондент) – и. о. доцента кафедры религиоведения и культурологии Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: tua20@mail.ru).

Утебаева Динара Сахибовна – старший преподаватель кафедры религиоведения и культурологии Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: 28_dinar@mail.ru).

Кулсариева Актolkyn Турлукановна – Иллинойский университет в Урбане-Шампейне (Вашингтон, США, e-mail: aktolkyn777@mail.ru)

Поступила 10 января 2025 г.

Принята 20 марта 2025 г.